

Мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы мектептің қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша 2024 жылдың 29 наурыз күнгі «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының F. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің №4 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі

Катысқан мұғалімдер саны: 26

Күн тәртібі:

1. Білім беру үйымдарын бағалау және өлшемшарттар туралы .
2. Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауын үйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.
3. «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының F. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ін өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды Биримжанова Л., мектеп директоры.

Білім беру үйымдарын бағалау және өлшемшарттар туралы баяндады. Білім беру үйымдарын өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4 тармақшасына және «КР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ №17-11-01-08/105 бұйрығы негіздерінде жүргізілетініне тоқталды. Өзін-өзі бағалау бойынша есепті интернет-ресурста орналыстырылады.

Айқындалған көмшіліктерді жою мен мектеп қызметін жетілдіруді жүзеге асырудың нақты іс-шаралар жоспарын құруда келесі жұмыстарды назарға алу керек:

- Кемшіліктер бойынша атқарылатын жұмыстарға, уақыты: 5 күннен асырмай , ақпарат беру;
- Талаптардың орындалуы мен кемшілектердің жойылғаны туралы есеп беру:

- Өзін-өзі бағалауға байланысты келесі материалдарды әзірлеу: педагогикалық хаттама кеңесінің көшірмесін, өзін-өзі бағалау бойынша комиссия құрамына бұйрық, білім алушылар контингентінің құрылымы, қосымша 8, сауалнама, тест қорытындылары және талаптарға сәйкес қосымшалар, өзін-өзі бағалау қорытындысы.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды Тулегенова К., мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. «Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауын

ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» тақырыбында баяндама жасады. 4,9 сыныптардың білі алушыларының тест қорытындысына тоқталды. Өте жақсы - 70%, Жақсы - 60%, Орташа - 40%.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамына ұсыныс жасады.

Үшінші сұрақ бойынша сөйледі Абдуалиева К.Е. Комиссия құрамы бойынша келесі тізімді ұсынды:

Комиссия төрайымы – Биримжанова Л., мектеп директоры.

Комиссия мүшелері :

- Абдуалиева К.Е. – директордың бейіндік білім беру жөніндегі орынбасары.

- Тулегенова К. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;;

- Омарова А.Б. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

- Сыздыкова У.Х.- бастауыш сынып әдістемелік бірлестік жетекшісі.

Шешім:

1.Мектеп қызметінің тиімділігін, білім беру қызметінің сапасын арттыру және оның міндетті ісінің табыстарын өзін-өзі әділ бағалауды талдау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауын өткізу.

2. Әдістемелік ұсынымдар талаптарының орындалуын сақтау;

- оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- тәрбиеленушілердің, білім алушылардың даярлық деңгейі;
- оқу мерзімі;
- бағалау өлшемшарттарына сәйкестігі.

3.Мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша бірыңғай орталықтандырылған мәліметтер базасын құру, қомқоршылық кеңесі мен педагогикалық ұжым кеңесінде қорытынды есеп жасау.

Төрайымы:

Хатшы:



Л. Биримжанова


К. Тулегенова